

# Жанкелді – «Жыл мұғалімі»


27 наурыз күні «Қайнар» ББК-де қалалық «Жыл мұғалімі» байқауы өтті. Байқауға алдын ала іріктеуден өткен 6 мұғалім қатысып, олар «Жыл мұғалімі» атану үшін барын салды.

## Дария ЕРҒАЗИНА

Сайыс төрт кезеңде ұйымдастырылып, қатысушылар өмірі мен жұмысы, шығармашылығымен таныстырды. Сайыста әр ұстаздың бір жылда қандай жетістіктерге жетіп, қай салада өзін таныта білгені анық көрінді. Сонымен бірге ұстаздар өздерін жаңа қырынан танытты. Біреуі би билесе, екіншісі ән орындап, жұмыс орнында байқалмаған шығармашылық қабілетін ортаға салды. Сұрақ-жауап сайысында да ұстаздар өздерінің жан-жақтылығын дәлелдеді.

Қазылар алқасының шешімімен С.Торайғыров атындағы №22 гимназия-мектебінің география пәнінің мұғалімі Жанкелді Сапарғалиев «Жыл мұғалімі» атанды.

Жанкелді Сапарғалиев Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының география және жаратылыстану факультетін үздік төмамдады. Үштілді маман. 7 «А» сыныбында география пәнін үш тілде жүргізеді. 2014 жылы Ресейдің Уфа қаласындағы педагогикалық институттың магистратурасына грантқа түсті. Өткен жылы мұғалімдер күнінде жас мамандар арасында «Успешный старт» медалімен марапатталды. Сол жылдың сәуір айында өткен облыстық «Талантты ұстаз – дарын-



Сурет В.Фадеевтікі

ды балаларға» атты байқауында 3-орынды иеленді. Үстіміздегі жылдың қаңтар айында мұғалімдер

арасында география пәнінен өткен қалалық олимпиадада 3-орынды жеңіп алды.